

Қазақстан Республикасының халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару

Мемлекеттік орган	ҚР Ішкі істер министрлігі
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін: Мемлекеттік корпорация; www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (тұрғын үй иесінің арызы бойынша тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде); 2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады; 3) босқын мәртебесін алған шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
Қызметті көрсету мерзімдері	30 (отыз) минут ішінде құжаттарды тапсырған сәттен бастап
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	Мемлекеттік корпорацияға және Мемлекеттік корпорациядағы көрсетілетін қызметті берушіге: 1) азаматтарды үй иесінің өтініші бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде: тұрғын үй иесінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін); тіркеуден шығаруға жататын азаматтардың айқындалмалық деректерін көрсете отырып, еркін нысанда тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару туралы өтініші; 2) аумақтық полиция органдарының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға шығуға арналған рұқсат беру туралы анықтамасы, паспорт - 16 жасқа дейінгі балалар, жеке куәлік (көрсетілетін қызметті берушіге тапсыру үшін) - республиканың шегінен тыс жерге тұрақты тұруға шығатын адамдарға; 3) тұрғын үй-жайды пайдалану құқығынан айыру туралы сот шешімі (сот шешімі бойынша тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде). Босқын мәртебесін алған шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар жоғарыдағы құжаттардың

тізбесін көрсетілетін қызметті берушіге береді;
Порталға тұрғын үй иесінің өтініші бойынша тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркеуден алу кезінде (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін):
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұрау салу.

Қызмет көрсету нәтижесі

"Халықты құжаттандыру және тіркеу" тіркеу пункті" ақпараттық жүйесіне (ХҚТ ТП АЖ) мәліметтерді енгізу жолымен тіркеуден шығару. Портал арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі оның мекенжайында тұрмаған адамдар тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама түрінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады. Көрсетілетін қызметті алушыға мекенжайдан кету парағын беру (қажет болған жағдайда).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020192#z64>